



ХҒТАР 19.41.09

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-154-1-180-189>

## Алаш қозғалысы мен «Мэйдзи исин» бағдарламасының баспасөзге ықпалы

Б.Ж. Каримова<sup>1</sup>, З.Ж. Койгельдиева\*<sup>2</sup>, Л. Набиева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

<sup>2</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

<sup>3</sup>Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>Sultan-3@mail.ru, <sup>2</sup>zauuuuu@mail.ru, <sup>3</sup>Lyazka16.90@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу мақаласы қазақ қоғамында үлкен өзгерістердің бастамасы болған «Мэйдзи исин» бағдарламасы мен ұлттық журналистиканың бастауына негіз болған Алаш баспасөзі туралы. XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін ұлы өзгерістер кезеңі болды. Бұл өзгеріс оқыған алаш азаматтарының алға шығып, атқа қонуына себепкер болды. Мақаланың өзегі болған «Мэйдзи исин» бағдарламасының пайда болу кезеңі ғылыми тұрғыдан сарапталып, зерттелді. Жапондық бағдарламаны қазіргі тұрғыдан қарастырып, ғылыми тұжырымдар жасау және оны қоғам игілігіне ұсыну авторлардың басты міндеті ретінде айқындалды. Қазақ қоғамындағы жаңашылдығымен ерекшеленген, болашаққа бағыт-бағдар берген саналы әрі сапалы құбылыс ретінде Алаш қозғалысының баспасөзге әсері зерттеліп, осы бағытта ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Ұлт әдебиетін, мәдениеті мен ғылымын биік деңгейге көтеруге үлес қосқан Алаш баспасөзінің қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі ерекше. Зерттеу мақаласының мақсаты – Алаш қозғалысының қалыптасуы мен дамуына әсер еткен «Мэйдзи исин» бағдарламасының тарихи маңызы мен қажеттілігін талдай отырып, оның идеялық ұстанымдарының қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастары мен ұлттық баспасөздің дамуына ықпалын жан-жақты қарастыру. Мақалада тарихи талдау, салыстырмалы талдау әдістері қолданылған. Зерттеу жұмысы төл тарихын танып, ұлттық құндылықтарын қадірлей білетін, мәдениеті мен әдебиетін бойына сіңірген ұлт қана әлемдік аренада өз орнын таба алатынын негізге ала отырып жазылды. Алынған зерттеу нәтижелері негізінде Алаш қозғалысы мен «Мэйдзи исин» бағдарламасының қазақ журналистикасына тигізген ықпалы ғылыми тұрғыдан сараланды.

**Түйін сөздер:** Алаш, «Мэйдзи исин», баспасөз, ұлт, тарих, қоғам, журналистика.

Түсті: 19.09.2025; Мақұлданды: 1.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31. 03. 2026

## Кіріспе

XX ғасырдың басында қазақ халқы отарлық езгіден арылуға, ұлттық сананы оятуға ұмтылған кезеңде, Алаш қозғалысы мен көсемсөз бір-бірімен тығыз байланыста тарихи құбылыс ретінде қалыптасты. Алаш зиялылары көсемсөзді халықты білімге, еркіндікке, ұлттық бірлікке үндейтін рухани құрал ретінде қолданды. Қазақ көсемсөзінің мазмұны мен формасы дәл осы кезеңде биік деңгейге көтерілді. Алаш қозғалысы – қазақ көсемсөзінің алтын дәуірін қалыптастырды. Бұл кезеңде жазылған публицистикалық мұралар бүгінгі журналистика мен қоғамдық ой үшін де маңызды. Алаш көсемсөзі – ұлттың рухани тәуелсіздікке ұмтылған биік үнінің айғағы. 1905 жылға дейін қазақтардың ана тіліндегі бірде-бір ұлттық газеті мен журналы өзіне тиесілі типографиясы болған емес. Осы мәселені шешу жағын алаштық азаматтардың қолға алуы қазақ еліндегі ұлы қозғалыстың бастамасы еді.

Қазақ үшін XX ғасыр басы ұлы өзгеріс кезеңі болды. Тағдыры ауыр елінің бостандығы үшін, бас біріктіріп, теңсіздікке қарсы ұлттық рухымен, елдігімен, ерлігімен, қаламымен жаңашыл күреске шыққан алаштық азаматтар бас көтерді.

Қазақтың бағына осы бір ұлы өзгеріс, тепкіні зор төңкерістер заманында бір шоғыр Үркердей оқыған зиялы азаматтары алға шығып, атқа қонды. Алты миллионнан астам қазағы бар Алаш жұрты біле білгенге алапат күш еді. О заманда қазақты қаумалаған барша ағайын, өзбек пен қырғыз, түркімен мен қарақалпақ, тіптен сарт пен тәжікті қосқанда баршасының саны жалғыз қазақтың жартысына жетпейтін-тұғын. Қашан да саннан сапа тұмақ. Көп өзінің көсемін туғызбақ. Көсемі бар ел көшелі болмақ. Олар дағдарған елін, доғарылған көшін тура жолға салмақ... (Әнес, Замзаева және Мырзағали, құраст., 2023. 6 б.).

Алаштық азамат алмағайып кезеңде қазақ халқын азаттық рухқа шақырып, қазақтың басын қосып, бастарын бәйгеге тігіп, халқы үшін еңбек етті.

Тақырыпқа негіз болған Алаш қозғалысы – қазақ қоғамындағы жаңашылдығымен көзге түскен, болашаққа бағыт берген саналы, сапалы құбылыс. Ұлт әдебиетін, мәдениетін, ғылымын биік деңгейге көтеруге үлесін қосқан жаңалықтың бірі Алаш баспасөзінің дүниеге келуі еді. Ел басына күн туған күрделі кезеңде ұлт зиялылары барынша халқына пайдасын тигізуге асықты.

## Әдіснама

Бұл зерттеу жұмысында Алаш қозғалысы мен «Мәйдзи исин» бағдарламасының тарихи сабақтастығы және оның қазақ баспасөзінің қалыптасуына ықпалы ғылыми тұрғыда талданды. Зерттеу барысында тарихи талдау, салыстырмалы талдау, жүйелеу және деректік талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің дереккөздері ретінде XX ғасырдың басындағы қазақ ұлттық баспасөзі, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің еңбектері, сондай-ақ осы тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар, қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен ұлттық баспасөзді қалыптастырудағы рөлін айқындау мақсатында тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды.

XX ғасырдың басына дейін қазақ тілінде жарық көрген ұлттық басылымдардың саны аз болғаны белгілі. 1905 жылдан бастап қазақ зиялылары ұлттық газет шығару

ісіне белсенді кірісіп, халықтың қоғамдық санасын оятуға бағытталған ақпараттық алаң қалыптастыруға ұмтылды. Осы үдерісте Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақпайұлы, Райымжан Мәрсекұлы сияқты қайраткерлердің қызметі ерекше маңызға ие болды.

Зерттеу барысында қазақ ұлттық баспасөзінің қалыптасу кезеңі тарихи контекст тұрғысынан қарастырылып, оның қоғамдағы саяси және мәдени өзгерістермен байланысы сараланды. Сонымен қатар, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің идеялық ұстанымдары мен олардың ұлттық баспасөз арқылы қоғамға ықпал ету жолдары ғылыми тұрғыда талданды.

### **Нәтиже мен талқылау**

Ұлт ардақтысы Ахмет Байтұрсынов «Адамға қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі», – дей отырып, ұлт жұмысына күшімен де, тісімен де, білім қуатымен де ақтық демі таусылғанша қызмет етті (Үркер, 2022, 3 б.).

Ұлтының есейгенін, көркейіп, биіктегенін көргісі келген Міржақып бейнелі сөздерімен өлең жолдарын

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, –

Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!, – деп жолдайды. Ғұмырын алаш жұртына арнаған азамат, ұлттық рухты аңсайды.

Кемел ойлы кемеңгер ұлттық рух, мемлекетшілдік-елдік сана, ұлттық тіл, мәдениет, өркениет, ғылым, оқу-ағарту, өнер, білім, ұлт баспасөзі, журналистика, саясат, тұлғатану мәселелеріне қатысты шалқыған сымбатты сара ой-пікірлері тәуелсіздік өзектілігімен, көкейтестігімен ерекшеленеді (Дулатов, 2010, 8 б.).

Алаш ардақтылары заман білекте емес, білім мен білікте екенін ұқты. Өзге елдермен терезесі тең халық ретінде болу үшін, халқына керек саяси, рухани бағыт беретін, ұлттық рухты оятатын бағдарлама керек болды.

Ізденудің нәтижесінде ортақ мақсатта, бірлік пен бірігу, ұлттық ұстанымды ұлықтаған ұлы «Алаш» ұраны дүниеге келді.

Ия, Әлихан – жапондардың «Мейдзи исин» бағдарламасының қазақша баламасы болып табылатын «Алаш» идеясын жүзеге асырып, Алаш-Қазақ елін 20-25 жылда Екінші Жапония, яғни әлемнің ең қуатты мемлекетінің біріне айналдыру жоспарын жүзеге асыра алмай кетті. Бірақ ол бүгінгі Қазақстанның мызғымас іргетасын, берік негізін қалап үлгерді (Аққұлы, 2017, 588 б.).

Жапондықтардың өміріне үлкен әсер еткен «Мейдзи исин» бағдарламасына түсінік беріп өтсек. Мэйдзи Исин (жапонша – Мэйдзидің жаңаруы, Мэйдзидің жаңғыруы) мағынасын береді.

Жапония тарихындағы бетбұрыс, 1868 жылғы жаңа уақыт оқиғасы жапон тарихнамасында «Мэйдзи исин» деген атпен белгілі.

Саяси тұрғыда, олар Токугава сегунатының билігін, сонымен қатар онымен байланысты «бакухан» немесе «бакуфу» әкімшілік-саяси жүйесін құлатып, саяси биліктің жаңа жүйесі – орталықтандырылған мемлекеттің құрылуына әкелді. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда олардың мағынасы капитализмнің дамуы үшін

қажетті алғы шарттарды жасау болды. Мемлекеттің жаңа биікке көтерілуі сол кезеңде қабылданған бетбұрыс «Мэйдзи исин» бағдарламасы еді.

«Реставрация Мэйдзи, известная также как Обновление Мэйдзи и Революция Мэйдзи – комплекс политических, военных и социально-экономических реформ в Японии 1868-1889 годов, превративший отсталую аграрную страну в одно из ведущих государств мира (Sadykov and Serdali, 2017)», - деп осылай түсінік берілген. Бетбұрыс 21 жыл ішінде Жапон мемлекетін «самурайлық» жүйеден ұлттық бағытта экономикасы, мәдениеті, әдебиеті дамыған ірі мемлекетке айналдырды.

«В ходе реставрации Мэйдзи в стране особый импульс развития получило издательское дело и журналистика. В Токио стали выходить ежедневные газеты и журналы. Они способствовали формированию гражданского общества, печатая не только новости, но и критические статьи на актуальные политико-социальные проблемы. Так, в 1873 году японские западники Мори Аринори, Фукудзава, Юкити, Ниси Аманэ, Като Хироюки и Нисимура Сигэки основали просветительское общество Мэйрокуся, которое издавало журнал «Мэйроку дзасси» и ратовало за модернизацию мировоззрения нации и ликвидацию «феодалных пережитков» прошлого (Галибина, 2018).

Жоғарыда «Мэйдзи» бағдарламасының ерекше мән берген бағыты қоғамда газет пен журналдың, яғни мерзімді баспасөздің дамуына жағдай жасағандығын аудармасыз беруді жөн санадық. Сол кезеңдегі мерзімді басылымның дамуы қоғамдағы ахуалдың оң өзгеруіне жол ашты. Басылымда тек жаңалықтар ғана емес, саяси-әлеуметтік жағдайға әсер ететін сыни ақпараттар да жарияланып отырды.

Осындай өзгеше, тың бағыттың нәтижесінде Мэйрокуся қоғамдық ағартушыларының үлкен еңбегімен «Мэйроку дзасси» журналы дүниеге келеді. Бетбұрыстың нәтижесі жапондықтардың экономикасына, заңына, әкімшілігіне, дініне, біліміне басылымына үлкен жаңалық әкелді.

«Мэйдзи» жылдарында жапондық ортада салт-дәстүрмен қатар батыстық үрдіс те қатар дамыды. Мэйдзи Исиннің авторлары Жапонияны «өркениетті әлемнен» материалдық жағынан айтарлықтай артта қалғанын, революциялық, модернизациялық қайта құрулар қақтығысының болатынын іштей түсінді. Сырттан келетін қысымға төтеп беруге мүмкіндік беретін жалғыз мүмкіндік деп қарастырды. 1871 жылы Жапон елінде Мәдениет министрлігі құрылды. «Оку – бұл өмірдегі сәттіліктің кілті және оны ешкім өзгертпейді» - деген ұранмен жапондықтар ілімге, білімге бет бұрды. Болашақта барлық адам сауатты болуға тиіс деген қағиданы негізге алды.

Соның негізінде үш негізгі міндетті тұжырымдады:

1. Білім адамның әлеуметтік баспалдақта сәтті көтерілуін қамтамасыз етуі керек.
2. Мектептердің қызметі – әрбір адамның бойында патриоттық сезімді ояту.
3. Барлық жапондықтар түптеп келгенде қоғамға пайдасын тигізетін және заманауи мемлекет құруға көмектесетін практикалық ғылымдар бойынша білім алуы керек. Осылайша «Мэйдзи» «ағартушылық үкімет» өз қызметін мінсіз атқарды (Байдаров, 2017).

Жапондықтардың өнегесін үлгі еткен алаштық «Ақ жол» мерзімді басылымы да сырт қалмады. «Ақ жол» газетінің №424, 10 июль, 1924 жылғы санында Тоқбақтың авторлығымен «Ұлт мәселесі – іс мәселесі» атты мақала жарияланды. Аталған мақалада ұлт мәселесін тек коммунистік партия шеше алатын болғандықтан «Ұлт мәселесін тура шешіп, әділдікпен іс жүргізу пролетариатқа, коммунист партиясына құр әділдігін

көрсету мақтаны үшін емес, өзін күшейтіп, дұшпанын нашарлатып, күресте жеңіп шығу үшін керек. Сондықтан ұлт мәселесі оңды шешіліп, езілген елдер еңбекшілерінің азаттыққа жетуі құр сөз емес, коммунист партиясы үшін, пролетариат үшін соғыстың құралы, күрестің әдісі», - деп сенім білдіргенін оқимыз.

Ары қарай, «Орыс үстемдігін тиып һәм аты бар, өзі жоқ, «жалпы мұсылман», «бүкіл түрік» деген түсініктерді түбірімен құртып, әр ұлттың өз тұрмыс қалпына, әдет-салтына үйлестіріп, іс жүргізу керек. Бір ұлттың бір ұлтқа зорлығын тию керек» (Есенқарақызы, құраст., 2020, 26 б.). Автор бұл жерде ұлт мәселесін алдыға қойып отыр, басқа ұлт өкілінің жергілікті адамдарға жасаған қиянатын тоқтату туралы мәселені ортаға тастап отыр.

«Ақжол» газетінің 1921 жылғы 15 июльдегі №67 санында Келтеқараның авторлығымен «Қиыр күншығыс жұмысы» мақаласы жарық көрді. Мақалада қиыр күншығыстағы патша генералы, офицерлерінің Жапонияға төңкеріс жасап отырғандығы жазылған. Жаһангер Жапонияның ешкімді аямағандығына мақалада ерекше тоқталған. Тағы бір мақала «Қиыр күншығыс республикасында төңкеріс қалай болды?» атты тақырыпта жарық көрді. Онда: «Шина-29. Владивостокта төңкерісті ақтар бастаған шаһардағы әскерді Жапондар құралсыздандырған. Сонымен ақтарды пайдаланып бірталай мекемелерді қолына алған. Шаһардың барлық милициясының қаруын Жапондар алған», - деп жазса, «Сонан соң жұмысшылар бас көтеріп, ақтарды мекемелерден айдап шыққан, бірақ оларды да Жапондар ресми газеттерінде өздерінің ол аманшылыққа араласқандығынан танады (Есенқарақызы, құраст., 2020а, 8 б.)», - деп мақаланы аяқтайды.

«Ақ жол» газеттің бетінде «Қиыр күншығыс республикасының Жапонияға берген нотасы» атты мақала шықты. Мақала Қиыр күншығыс республикасының сыртқы істер министрінің Жапонияның сыртқы істер министріне нота тапсырғандығы, онда Жапонияның қиыр күншығыс еліне араласпауын өтінеді. Мақалада Жапонияның аламаншылыққа қатысқандығы нақты дәлелмен келтірілген.

Сөзіміздің бос еместігіне дәлел «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 11 июль №457 санында «Жапония Кеңестер одағымен жақындасудың талабында» атты мақаласы жарияланды. Мақалада «Сыртқы істер министрі Жапон мен Кеңестер одағының жақындасуының пайдасы жалпы екі жаққа бірдей болғандықтан екеуінің арасының жақындауы керек» (Есенқарақызы, құраст., 2020b, 25 б.), - делінген. Екі мемлекет арасындағы жақындықтың көп мәселені шешетіндігі жазылған.

Жапондықтардың «Мейдзи исин» бағдарламасын үлгі ретінде алған алаш азаматтары «Жұрт қамы, ұлт ісі» деп жұмысты бастап кетті. Ұлы жолда жасаған Алаштықтардың еңбегі еш кетпеді, нәтижесінде қоғамда ірі қозғалыс басталды.

Қазақ қоғамындағы үлкен дүмпуі бар қозғалыстың бірі «Бостандық манифесі» болды. Революциялық өрлеу барысында өмірге келіп, тек метрополия тұрғындарына ғана емес, сонымен бірге ұлттық аймақтарға да үлкен ықпалы болған құжаттардың бірі – 1905 жылғы 17 қазанда жарық көрген манифест болды. «Бостандық манифесі» атанған бұл құжатта жеке адамның құқығына қол сұқпау, ұждан бостандығы сияқты мызғымас принциптер негізінде халыққа азаматтық бостандықты сыйлау, кешіктірмей Думаға сайлау өткізу, оған сайлау құқығы болмаған әлеуметтік топтарды тарту жөнінде айтылған еді (Қойгелдиев, 2008, 128 б.). «Манифест» сөзі жоғарғы биліктің халыққа салтанатты түрде жазбаша үндеу жасауы. Мұндай маңызды құжаттың дүниеге келуі қазақ халқының қоғамдағы беделін өсірді.

Ұлт ағартушылары бұл құжаттың халықтың саяси санасын оятуда аса маңызды, құнды екенін түсінді. Сондықтан орыс тіліндегі үндеуді қазақ тіліне аударып, қазақ даласына таратылады. Манифестің қысқаша мазмұнында «теңдік, ұждан бостандығы, халық билігі» сөздерді оқыған қазақтар қатты қуанды. Бұл жердегі ескеретін нәрсе, қазақ қоғамының ресейлік отарлық езгіден құтылу еді.

Азаттыққа жетудің жолы оңай емес екенін білген ұлт зиялылары бар күшін бостандық жолына арнады.

Академик М.Қойгелдиев «Алаш қозғалысы – сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстіндегі өз орны бар ел ретінде еншісі мен үлесін анықтау харекеті», – деген тұжырым берді.

Қазақ зиялыларының басты мақсаты – қоғамдық сананы жаңғырту, ұлттық мүддені насихаттау, ұлттық сана, ұлттық бірегейлікті сақтау еді. Алаш арыстары ұлтының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресті және ол күресті перзенттік парызым деп санады.

Алаш идеясы – кешегі ереуілді ғасырлардың өрті мен өркенін, өксігі мен өртеңін ел жүрегі арқылы өткізіп, біздің бүгінгі әлем аузына іліккен Ұлы Дала Елі арасын жалғап жатқан алтын көпіріміз, үзілмейтін күре тамырымыз (Оразалин, 2017).

## Қорытынды

Түйіндей айтқанда, шетелдік зерттеушілердің іргелі еңбектері мен тарихи деректерді саралау барысында Жапониядағы «Мэйдзи исин» реформаларының елдің саяси, әлеуметтік және мәдени жаңғыруына негіз болғаны анықталды. Бұл бағдарлама дәстүрлі қоғамды сақтай отырып, оны заманауи өркениет талаптарына бейімдеудің тиімді үлгісін көрсетті. Осындай тарихи тәжірибе Алаш зиялыларының да назарынан тыс қалмай, олар Жапонияның жаңару жолын қазақ қоғамын дамыту тұрғысынан үлгі ретінде қарастырды.

Алаш қайраткерлері ұлттың тәуелсіздігі мен өркениетті дамуын қамтамасыз етудің негізгі тетігі ретінде білімді, ғылымды, мәдениетті және ұлттық баспасөзді дамытуды маңызды деп санады. Осы тұрғыдан алғанда, жапон қоғамындағы реформалар мен қазақ зиялылары ұсынған жаңғыру идеялары арасында белгілі бір тарихи-идеялық сабақтастық бар екендігі байқалады. Алаш баспасөзі сол кезеңдегі қоғамдық ойды жаңғыртып, халықтың саяси және рухани санасының қалыптасуына айрықша ықпал етті.

Қазіргі қазақ қоғамының өзекті мәселелерін шешуде осы зерттеуде ұсынылған тұжырымдарды тиімді пайдалану маңызды. Өйткені қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қоғамды жаңғырту мәселесі қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері ғылым мен білімге негізделген даму жолының маңызын айқын көрсетеді. Ұлт болып ұйысып, ортақ мақсатқа жету жолында Алаш қайраткерлерінің тарихи мұрасын үлгі ету қоғамның рухани тұтастығын нығайтуға қызмет етеді. Алаш зиялыларының саяси және рухани жаңғыруға бағытталған идеялары ұлттық сананың қалыптасуына, мәдениет пен әдебиеттің дамуына ықпал етті.

Қазақстан Республикасының дербестігі ұлттық құндылықтарды сақтап, оны ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғастырумен тығыз байланысты. Жас ұрпақтың ұлттық

болмысты сақтауы оның тарихи санасына, тәрбиесіне және алған біліміне тәуелді. Сондықтан төл тарихты тану, ұлттық мәдениет пен әдебиетті қадірлеу қоғам дамуының маңызды негіздерінің бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, «Мәйдзи исин» реформаларының тарихи тәжірибесі мен Алаш зиялылары ұсынған жаңғыру идеялары ұлттық дамудың эволюциялық жолының маңызын көрсетеді. Бұл идеялар бүгінгі Қазақстанның да рухани және мәдени жаңғыру үдерісімен сабақтасып, ұлттық мемлекеттіліктің нығаюына қызмет ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыруға негіз бола алады.

#### **Авторлардың қосқан үлесі:**

**Каримова Б.Ж.** – ғылыми мақаланы талапқа сай ресімдеу.

**Койгельдиева З.Ж.** – зерттеу нәтижелерін сараптап жазуға үлес қосты.

**Набиева Л.** – мақала жазу барысында зерттеу және салыстыру бағыты бойынша өзіндік үлес қосты.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Әнес, Ғ., Замзаева, Т. және Мырзағали, А. (құраст.) (2023) «Сарыарқа» газеті. 1917-1919 жж. Алматы: «Алашорда» Қоғамдық қоры.
2. Аққұлы, С. (2017) Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. II том. Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры.
3. Аққұлы, С. (2017) Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. I том. Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры.
4. Үркер (әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси журнал) (2022) №4 (163), сәуір.
5. Дулатов, М. (2010) Шығармалары (өлең-жырлар, әңгімелер, пьеса, көсемсөздер мен сын-зерттеу мақалалары). Алматы: Ана тілі.
6. Аққұлы, С. (2017) Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. III том. Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры.
7. Sadykov, S. and Serdali, B. (2017) Kazakh Printed Press Development in the Late 19th-early 20th Century. Global Media Journal, 24 January. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.globalmediajournal.com/open-access/kazakh-printed-press-development-in-the-late-19thearly-20th-century> (қаралған күні: 24.01.2017).
8. Галибина, Е.С. (2018) Общее и особенное в революции Мэйдзи и либеральной революции в Эквадоре (вторая половина XIX – начало XXвв). [Онлайн] Қолжетімді: <https://journals.rudn.ru/international-relations/article/view/10464/9915> (қаралған күні: 25.07.2018). [In Russian]
9. Байдаров, Е. (2017) Реформы эпохи Мэйдзи и казахское просвещение. [Онлайн] Қолжетімді: <https://mysl.kazgazeta.kz/news/8454> (қаралған күні: 21.01.2017). [In Russian]
10. Есенқарақызы, Х. (құраст.) (2020) «Ақ жол» (газеті) Көптомдық. 16 том. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры.
11. Есенқарақызы, Х. (құраст.) (2020) «Ақ жол» (газеті) Көптомдық. 4 том. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры.
12. Есенқарақызы, Х. (құраст.) (2020) «Ақ жол» (газеті) Көптомдық. 17 том. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры.
13. Қойгелдиев, М. (2008) Алаш қозғалысы. 1 том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. Алматы: Мектеп.

14. Оразалин, Н. (2017) Алаш мұраты. Қазақ әдебиеті, №51 (3581), 15 желтоқсан.

**Б.Ж. Каримова<sup>1</sup>, З.Ж. Койгельдиева\*<sup>2</sup>, Л. Набиева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдықорган, Казахстан*

<sup>2</sup>*М.Х. Дулати Таразский университет, Тараз, Казахстан*

<sup>3</sup>*Университет имени Есенова, Актау, Казахстан*

### **Влияние движения «Алаш» и программы «Мэйдзи Исин» на прессу**

**Аннотация.** Данная исследовательская статья посвящена программе «Мэйдзи исин», положившей начало большим изменениям в казахском обществе, а также Алашской прессе, положившей начало национальной журналистике. Начало XX века стало для казахского общества периодом великих перемен. Это привело к тому, что представители алашской интеллигенции вышли на передний план. Период возникновения программы «Мэйдзи исин», ставшей одним из ключевых объектов исследования, был научно проанализирован и исследован. Главной задачей авторов было рассмотреть японскую программу с современной точки зрения и сделать научные выводы, чтобы представить ее на благо общества. Изучено влияние движения Алаш на прессу как сознательного и качественного явления, отличающегося новизной в казахском обществе, направленного в будущее. Проведен обзор научных работ в этом направлении. Особую роль в формировании общественного сознания играет пресса Алаш, вносящая вклад в повышение уровня национальной литературы, культуры и науки. Цель исследовательской статьи – всестороннее рассмотрение общественно-политических взглядов казахской интеллигенции и влияния ее идейных позиций на развитие национальной прессы, анализируя историческое значение и необходимость программы «Мэйдзи исин», повлиявшей на становление и развитие движения Алаш. В статье использованы методы исторического и сравнительного анализа. Исследовательская работа была написана с учетом того, что только нация, познавшая свою историю, ценящая национальные ценности, впитавшая культуру и литературу, сможет найти свое место на мировой арене. На основании полученных результатов исследования было научно проанализировано влияние движения Алаш и программы «Мэйдзи исин» на казахскую журналистику.

**Ключевые слова:** Алаш, «Мэйдзи исин», пресса, нация, история, общество, журналистика.

**B. Karimova<sup>1</sup>, Z. Koigeldieva\*<sup>2</sup>, L. Nabyeva<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Zhetisu University named after I.Zhansugipov, Taldykorgan, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*M.Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Yesenov University, Aktau, Kazakhstan*

### **The influence of the Alash movement and the "Meiji Isin" program on the press**

**Abstract.** This research article is about the program «Meiji ISIN», which was the beginning of great changes in Kazakh society, and the Alash press, which became the basis for the beginning of national journalism. The beginning of the twentieth century was a time of great changes for Kazakh society. This change led to the fact that the educated citizens of Alash came forward and rode horses. The period of

the emergence of the program «Meiji ISIN», which became the core of the article, has been scientifically analyzed and studied. Considering the Japanese program from a modern point of view, drawing scientific conclusions and presenting it for the benefit of society was identified as the main task of the authors. The influence of the Alash movement on the press as a conscious and qualitative phenomenon in Kazakh society, which was distinguished by its innovation and guidance for the future, was studied, and a review of the works of scientists in this direction was made. The role of the Alash Press in the formation of public consciousness, which has contributed to raising the literature, culture, and science of the nation to a high level, is special. The purpose of the research article is to analyze the historical significance and necessity of the Meiji ISIN program, which influenced the formation and development of the Alash movement, and to consider in detail the impact of its ideological positions on the socio-political views of the Kazakh intelligentsia and on the development of the National Press. The article uses historical and comparative methods. The research work was written on the basis that only a nation that knows its own history, values national values, and has absorbed culture and literature can find its place on the world stage. Based on the results of the research, the influence of the Alash movement and the Meiji ISIN program on Kazakh journalism was scientifically analyzed.

**Keywords:** Alash, «Meiji ISIN», press, Nation, History, Society, journalism.

### References

1. Anes, G., Zamzaeva, T. and Myrzagali, A. (eds.) (2023) «Saryarqa» gazetі. 1917-1919 zhzh. [«Saryarka» newspaper. 1917-1919]. Almaty: «Alashorda» Public Fund. [In Kazakh]
2. Aqquly, S. (2017) Alikhan Bokeikhan. Qazaq jerinin joqshysy [Alikhan Bokeikhan. Defender of the Kazakh land]. Vol. 2. Astana: «Alashorda» Public Fund. [In Kazakh]
3. Aqquly, S. (2017) Alikhan Bokeikhan. Qazaq jerinin joqshysy [Alikhan Bokeikhan. Defender of the Kazakh land]. Vol. 1. Astana: «Alashorda» Public Fund. [In Kazakh]
4. Urker (2022) Literary-cultural, socio-political journal, No. 4 (163), April. [In Kazakh]
5. Dulatov, M. (2010) Shygarmalary (olen-zhyrlar, angimeler, pyesa, kosemsozder men syn-zertteu maqalalary) [Works (poems, stories, play, journalism and critical research articles)]. Almaty: Ana tili. [In Kazakh]
6. Aqquly, S. (2017) Alikhan Bokeikhan. Qazaq jerinin joqshysy [Alikhan Bokeikhan. Defender of the Kazakh land]. Vol. 3. Astana: «Alashorda» Public Fund. [In Kazakh]
7. Sadykov, S. and Serdali, B. (2017) Kazakh Printed Press Development in the Late 19th-early 20th Century. Global Media Journal, 24 January. [Online] Available at: <https://www.globalmediajournal.com/open-access/kazakh-printed-press-development-in-the-late-19thearly-20th-century> (Accessed: 24 January 2017).
8. Galibina, E.S. (2018) Obshchee i osobennoe v revolyutsii Meydzi i liberal'noy revolyutsii v Ekvadore (vtoraya polovina XIX – nachalo XX vv) [General and specific features of the Meiji Revolution and the liberal revolution in Ecuador (second half of the 19th – early 20th centuries)]. [Online] Available at: <https://journals.rudn.ru/international-relations/article/view/10464/9915> (Accessed: 25 July 2018). [In Russian]
9. Baidarov, E. (2017) Reformy epokhi Meydzi i kazakhskoe prosveshchenie [Meiji era reforms and Kazakh enlightenment]. [Online] Available at: <https://mysl.kazgazeta.kz/news/8454> (Accessed: 21 January 2017). [In Russian]
10. Yesenqaraqyzy, Kh. (ed.) (2020) «Aq zhol» (gazeti) Koptomdyq [«Ak zhol» newspaper. Multi-volume edition]. Vol. 16. Nur-Sultan: «Alashorda» Public Fund. [In Kazakh]

11. Yesenqaraqyzy, Kh. (ed.) (2020) «Aq zhol» (gazeti) Koptomdyq [«Ak zhol» newspaper. Multi-volume edition]. Vol. 4. Nur-Sultan: «Alashorda» Public Fund. [In Kazakh]
12. Yesenqaraqyzy, Kh. (ed.) (2020) «Aq zhol» (gazeti) Koptomdyq [«Ak zhol» newspaper. Multi-volume edition]. Vol. 17. Nur-Sultan: «Alashorda» Public Fund. [In Kazakh]
13. Qoigeldiev, M. (2008) Alash qozgalysy [Alash movement]. Vol. 1. 2nd edn. Almaty: Mektep. [In Kazakh]
14. Orazalin, N. (2017) Alash muraty [The ideal of Alash]. Qazaq adabietі, No. 51 (3581), 15 December. [In Kazakh]

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Каримова Б. Ж.** – PhD доктор, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, І. Жансүгіров, 187А, 040000, Талдықорған, Қазақстан.

**Койгельдиева З. Ж.** – хат-хабар авторы, аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Төле би, 60, 080000, Тараз, Қазақстан.

**Набиева Л.** – аға оқытушы, Есенов университеті, 32-шағын аудан, 11, 130000, Ақтау, Қазақстан.

#### **Сведения об авторах:**

**Каримова Б.Ж.** – PhD доктор, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, И. Жансугурова, 187А, 040000, Талдыкорган, Казахстан.

**Койгельдиева З.Ж.** – автор для корреспонденции, старший преподаватель, М.Х.Дулати Таразский университет, Төле би, 60, 080000,Тараз, Казахстан.

**Набиева Л.** – старший преподаватель, университет имени Есенова, 32-й микрорайон, 11, 130000, Актау, Казахстан.

#### **Information about the authors:**

**Karimova B.Zh.** – PhD doctor, Zhetisu University named after I.Zhansugipov, 187A I. Zhansugurov St., 040000, Taldykorgan, Kazakhstan.

**Z. Koigeldieva** – corresponding author, Senior Lecturer, M.Kh. Dulati Taraz University, 60 Tole Bi St., 080000, Taraz, Kazakhstan.

**L. Nabyeva** –Senior Lecturer, Yesenov University, 32nd microdistrict, 11, 130000, Aktau, Kazakhstan.